

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1845 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1938 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы N 159 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.19 N 159 Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының Z990389_ 25-бабына сәйкес және жоғары кәсіптік білім берудің оқу-кәсіптік бағдарламаларын іске асыруды одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлік құрылымы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1845 P991845_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 525-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары кәсіптік білім берудің көп

деңгейлі құрылымы туралы ережедегі:

2-тармақтағы "бакалавриат пен магистратура туралы ережелерді" деген сөздер "жоғары базалық білім (бакалавриат), жоғары арнаулы білім және жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы ережелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың үшінші абзацындағы "2" деген сан "3" деген санмен ауыстырылсын;

13-тармақтағы "мамандық" деген сөз "біліктілігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. Осы қаулы, оқуға жаңа қабылданғандар үшін 2001 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың төртінші абзацын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК